



М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетіне

80
ЖЫЛ

Құрметті Серік Мәуленұлы және әріптестер!

Сіздерді М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 80-жылдық атаулы мерекесімен құттықтаймыз!

Еліміздің солтүстігіндегі жоғары білім, ғылыми-зерттеу және мәдени орталықтарының бірі болып саналатын СҚМУ республикамыздағы үздік жоғары оқу орындарының қатарынан орын алады. Өзінің 80 жылдық тарихында университет мыңдаған жоғары білікті маман даярлап шығарды. Олардың бірқатары көрнекті ғалым, еліміздің құрметті қайраткерлері, ірі өндіріс және білім беру жүйесі ұйымдарының жетекшілері болып абыройлы қызмет атқаруда.

Университетте 40-тан астам ұлт өкілдері тұратын өңірдің мәдени орталығы ретінде көптеген істер атқарылуда. Еліміздің шығармашыл тұлғасын, бойында жоғары адами құндылықтары, белсенді азаматтық ұстанымы бар азамат тәрбиелеу, еліміздің гүлденуі мен одан әрі көркейіп дамуына үлес қосуға қабілетті жоғары білікті маман даярлауды мақсат тұтқан білім ордасы заман талабына сай жұмыс жасап келеді. Сонымен қатар университет Мемлекеттік "Мәңгілік ел жастары - индустрияға", "Серпін-2050" бағдарламасы шеңберінде еліміздің оңтүстік өңірлерінің талапкерлерін оқуға қабылдау жүргізіп отыр.

Университеттің білікті ғалым-педагог кадрлары білім берумен қатар жоғары деңгейде ғылыми зерттеулер жүргізіп, еліміздің ғылым және білім беру ұйымдарымен, өнеркәсіптік кәсіпорындарымен әріптестік байланыстар орнатып, студенттердің сапалы білім алуын қамтамасыз етуде.

Құрметті әріптестер!

Университеттің атаулы мерекесінің салтанатты сәтінде барша ұжымға үлкен шығармашылық табыс, жемісті еңбек, отбасыларына бақ-береке тілейміз. Қажырлы еңбектеріңіз арқылы жоғары оқу орнының мерейі үстем, беделі биік болып, абыройларыңыз арта берсін.

Игі тілекпен,
Қорқыт Ата атындағы
СҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор
ҚР ҰИА академигі, ҚР ҰА
корреспондент-мүшесі



Қылышбай Бисенов